

2. Подласый, И. П. Педагогика / И. П. Подласый. – М. : Академия. – 2001. – 573 б.
 3. Маркова, А. К. Формирование мотивация учения в школьном возрасте / А. К. Маркова. – М. : Гардарики. – 1983. – 195 б.
 4. Маркова, А. К. Формирование мотивации учения / А. К. Маркова, Т. А. Матис, А. Б. Орлов. – М. : Академия. – 1990. – 253 б.
- ӘОЖ: 811. 512. 122: 378: 37.091.3

АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ӨДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Г. Г. Қаржауова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада тіл дамыту жұмыстары арқылы студенттердің қазақша сөйлеу тілін дамытудың сан алуан әдіс-тәсілдері сөз болады. Осы мақсатта жүргізілетін жинақтау-талдау жұмыстары, оларды жүйелеу мен пайдалану, тіл дамыту жұмыстарына қойылатын талаптар туралы айтылады. Сонымен қатар мақалада тілді мамандық тіліне бағыттап оқыту барысында тіл үйренушілердің танымдық, білімдік қабілеттерін, қызығушылығын арттыру бағытындағы жұмыс түрлері берілген.

В данной статье повествуется о различных методах развития разговорной речи студентов посредством речевых работ. Ведется речь о работах по анализу и синтезу, о требованиях к речеразвивающим занятиям. Также в данной статье представлены формы работ по повышению интереса, учебной мотивации, познавательной активности обучающихся в процессе обучения, направленного на стиль специальности.

Different methods of development of speech of students by means of speech works are given in the article. It is spoken about works on analysis and synthesis, about demands to speech-developing lessons. Forms of works on increase of interest, educational motivation, informative activity trained in the course of training directed on style of speciality are presented as well.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтудің басты бағытының бірі – тілдік қызметті студенттің қажеттілігі мен мүдделеріне сай арттыру. Білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру кезінде аталған мәселе жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» орыс аудиториясындағы қазақ тілі сабақтарының мақсаты – мемлекеттік тілді еркін меңгерту, қазақ тілінде өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, қоғамдық, саяси, әлеуметтік салаларға қажетті сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, мамандыққа қатысты мәтіндерден қажетті ақпаратты тауып, оны түсінуге, талдауға үйрету, тіл үйренушілердің мемлекеттік тілге құрмет сезімін күшейту, қызығушылығын арттыру деп атап көрсетілген [1].

Студенттердің жалпы білім деңгейінің қандай екенін білдіретін негізгі көрсеткіштің бірі де – олардың еркін сөйлеп, сауатты жаза білуі. Өкінішке орай, орыс тілді аудиторияларда оқитын студенттердің арасында өз ана тілінде сауатты жаза білмейтіндер, ойын анық та түсінікті етіп жеткізе білмейтіндер жиі кездеседі.

Осындай жайттарды ескере отырып, тілдік емес оқу орындарында оқытылатын қазақ тілі сабақтарын студенттердің жазу сауаттылығын арттыруға және тіл дамытуға бағыттап өткізуге тура келеді. Сабақтың басты мақсаты – жастарды еркін, жақсы әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойын дәл жеткізе білуге баулу, ана тілінің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, әдемі де әуенді, үйлесімді әрі ұйқасымды сөйлесудің, сауатты жазудың үлкен өнер екендігін ұғындыру. Орыс тілді аудиторияларда оқитын студенттердің кейін еңбекке араласқан кезде мемлекеттік мәртебесі бар тілде сөйлей алмауын болдырмау – біздің қазіргі басты міндетіміз.

Осы міндеттерді шешуде бірқатар шаралар іске асырылып жатыр. Тіліміздің мәртебесі көтеріліп, ғылым тілі, қоғам тілі болып қалыптасып келеді. Оқу орнына қабылданған

студенттер қазақ тілін мектепте оқып келгенімен, тілді меңгеру деңгейі әртүрлі болып келеді. Тілді білмейтін, аз білетін, жаңадан үйреніп жүрген студенттер негізінен қазақ тілінің грамматикасымен танысып, ауызекі сөйлеуге қадамдар жасаса, тілді біркелкі дәрежеде білетін студенттер қазақ тілінің грамматикасын терең меңгеру, әдеби тілмен жете танысу, мамандыққа қатысты лексиканы игеру бағытында жұмыс істейді. Сонымен қатар қазақ ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығы, қазақ халқының, басқа да ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, болашақ мамандықтары туралы жазылған мәтіндермен танысып, газет-журнал материалдарымен жұмыстанады.

Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін жүргізудің жетілген, сауатты сөйлесе білу қарым-қатынасын қалыптастыру, өз ойын жеткізе білуге үйрету қызметімен қатар, танымдық-тәрбиелік мәні де зор. Бұл пәннің көмегімен студенттерді адамгершілікке, ұлттық психологияны таныту, қалыптастыру, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен таныстыру жұмыстарын жүзеге асыруға болады.

Практикалық қазақ тілі курсы студенттерге тіл ғылымдары негізінен теориялық білім беріп қана қоймайды, тілдің күнделікті өмірде қолданылатын практикалық жағын да ескереді. Оқытушының басты міндеті – студенттерді сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы әр тақырыпты жете түсіндіру. Ал сабаққа қалай ынталандыруға болады? Бұл сұрақтың бір ғана нақты жауабы бар: тек сабақ қызықты өткенде ғана. Қазақ тілі сабақтарында студенттердің жазбаша және ауызша сөйлеу тілінің дамуына, тілінің ұстарып, сөз байлығының молаюына бағытталып жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының көптеген түрлері бар.

абақ жоспарында үнемі студенттерді ойландыратын, қандай да болса өзіндік пікір айтуына жағдай жасап, еркін шығармашылыққа жетелейтін жұмыс түрлеріне көбірек көңіл бөлген жөн. Сабақты қызықты, тартымды өткізу оқытушыдан білімділікті, қабілеттілікті, тапқырлықты, дарындылықты қажет етеді. Осы мақсаттан әртүрлі амал-тәсілдер туындайды.

Әр тақырыпты өткенде оқытушы қай әдісті тиімді деп есептейді, ол өз еркінде. Өйткені оқытушы үшін ең тиімді әдіс – жақсы меңгерген, жетік білетін әдісі. Әрине, бұдан оқытушы тек бір әдісті ғана меңгеріп, басқасына көңіл қоймасын деген ұғым тумаса керек. Өз әріптестерінің озат тәжірибесінен хабардар болып қана қоймай, оны шығармашылықпен пайдалана білу – оқытушының күнделікті іс-тәжірибесінде жақсы нәтижелерге жетудің, оқу-тәрбие жұмысын жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізудің кепілі. Белгілі тақырыпты әр оқытушы әртүрлі әдіспен жүргізеді. Бұдан оқытушының өзіндік икемі, білімі, талғамы, өзіне тән педагогикалық шеберлігі байқалады [2].

Тіл дамытудың, студенттердің сөздік қорын дамытудың көптеген әдіс-тәсілдері бар. Олар ережелерді меңгерту, сұрақ-жауап, мәтін бойынша сабақ өткізу, қайталау әдісі, жаттығу әдісі, сөйлесу-жаттау әдістері, сөздікпен жұмыс істеу, аударма т.б. Өзімнің педагогикалық тәжірибемде осы аталған әдіс-тәсілдердің ішінен, әсіресе, мамандыққа қатысты лексиканы меңгерту, баспасөз материалдарын сабаққа пайдалану, жаңа сөздермен жұмыс және екі тілді аударма істеу тәсілін жиі қолданамын.

Аграрлық-техникалық жоғары оқу орны студенттерінің қазақша сөйлеу тілін дамытудың әдіс-тәсілдерінің бірі – тілді мамандық тіліне бағыттап оқыту. Мамандыққа қатысты мәтіндерді пайдалану тіл дамыту жұмыстарында кеңінен қолданылады. Қарапайымнан күрделіге аяқ басу барысында тақырыптардың да аясы кеңейіп, студенттер өз мамандықтарына қатысты жайттарды ұғынғылары келетінін байқатады. Әрине, ауыл шаруашылығының ауқымы кең. Оған қатысы жоқ ғылым саласы мүлде жоқ. Егіншілік, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, мал мен өсімдік аурулары, зиянкестері, ауыл шаруашылығының экономикасы, қаржы және несие, ауыл шаруашылығын механикаландыру, ветеринариялық медицина және биотехнология, электрмен жабдықтау, жол қозғалысы мен қауіпсіздігін ұйымдастыру, топырақтану, ауыл шаруашылық өнімдерінің технологиясы т.б. Оның үстіне жаңа атаулар пайда бола бастады, ауыл шаруашылығына қатысты жаңа ұғымдар қалыптасты.

Осыған орай сабақ барысында пайдаланатын мәтіндерді іріктеу мәселесі туындайды. Мамандыққа қатысты мәтіндерді іріктеу арқылы оқытудың басты мақсаты – өз мамандықтары бойынша алған білімдерін қазақ тілінде мамандықтарына қатысты жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байытады, өз беттерімен сөйлем құрауды игереді, айтайын деген ойларын грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық бірізділікпен жүйелі жеткізуге үйренеді. Бұл жұмыстар студенттерге өз бетімен іздену мүмкіндігін туғызады. Жоғары оқу орнында

мамандық тіліне бағыттап оқытуда тіл үйренушінің танымдық, білімдік қабілеттері толық қанағаттандырылып, оқу үрдісінде тілді игеру мүмкіндігі дамиды, қызығушылығы артады, тілдік қарым-қатынас жүйелі түрде іске асады.

Мамандыққа қатысты мәтіндерді іріктеуге арнайы пәндер бойынша оқытылатын оқулықтар үлкен қызмет атқара алады. Мамандық тіліне қатысты оқытылатын мәтіндерге қойылатын негізгі талаптардың ішінде маңыздылары: арнайы пәндерге қатысты жинақталған материалдардың ақпараттық құндылығы мен мәтін мазмұнының маңыздылығын ескеру және мәтін ішінде лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құралдардың көрініс табуы. Таңдаған мамандықтарына қатысты мәтіндер арқылы істелетін жұмыстар нақты грамматикалық үлгілерді меңгертуден тыс жүргізілсе, мамандық тілін меңгертудің толық тілдік адаптациясы қалыптаспайды.

Тәжірибе көрсеткендей, тілдік материалдарды іріктеу барысында, ең алдымен жетекші пәндер бойынша жазылған оқулықтарға лингвистикалық талдау жасауды, грамматикалық үлгілерді типологиялық жүйелеуді қажет етеді. Осындай жұмыстардан соң жетекші пән оқулығы бойынша мамандыққа қатысты терминдер сөздігін құрастыруға болады. Жинақталған терминдер сөздігін арнайы мәтіндерді оқу алдындағы мәтінмен істелетін жұмыстарды орындау барысында кеңінен қолдануға болады. Ол жұмыстар мынандай бағытта жүргізіледі:

1. Сөздікпен берілген термин сөздердің мағынасын ашыңыз;
2. Аталған термин енгізілген сөз тіркесін оқыңыз;
3. Берілген сөздің әртүрлі мағынада қолданылуына мысал келтіріңіз.

Нақты грамматикалық материалды оқытудың бастапқы кезеңінде аталған мамандық тіліне арналған оқулықтардың кіріспе, параграф, абзац түрінде берілген шағын мәтіндерді қолдану тиімділігі жоғары екенін байқатты.

Мамандық тіліне арналған жұмыс бір-бірімен байланысты бірнеше кезеңнен тұрады, терминологиялық лексиканы оқып үйрену үшін мәтін алдында жүргізілетін тапсырмалар, мәтінді оқу және аудару, лексика-грамматикалық жаттығулар енгізілген мәтінді оқудан кейінгі тапсырмалар, мамандық тілі шеңберінде сөйлем құрастыру және тақырыпты баяндау. Мәтіннен кейінгі тапсырмаларды мынандай түрде беруге болады:

1. Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағынасын түсінуге тырысыңыз;
2. Берілген тұрақты сөз тіркестерін есте сақтаңыз және оны қатыстырып сөйлем құраңыз;
3. Берілген көп мағыналы сөздердің қай мағынасы мәтінде келтірілгенін анықтаңыз;
4. Мәтінде берілген терминдердің анықтамасын жазыңыз;
5. Мынандай үлгі бойынша терминологиялық сөз тіркесін құрастырыңыз «сын есім + зат есім + етістік» т.б.;
6. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрастырыңыз;
7. Мәтіннен берілген сұрақтарға жауап беретін сөйлемдерді табыңыз;
8. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз;
9. Мәтіннен негізгі ойды білдіретін ойды теріп жазыңыз;
10. Мәтінді мазмұнына қарай бірнеше топқа бөліңіз және жоспар құрыңыз;
11. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып конспект жазыңыз;
12. Мәтінге байланысты құрастырылған сұрақтар негізінде тезис жазыңыз.

Студенттердің қазақша сөйлеу тілін дамыту үшін мәтінмен жұмыс дұрыс ұйымдастырылуы керек. Мәтін ғылыми тұрғыдан дұрыс сұрыпталып, өңделуі керек. Қандай мәтін болса да ең бірінші оның мазмұны түсінікті болуы тиіс, сонда ғана біз мынандай жетістіктерге қол жеткізе аламыз:

- студенттің ғылыми білімі кеңейіп, кәсіби бағыты қалыптасады;
- шығармашылық қабілеттері артады;
- болашақ мамандығына сүйіспеншілігін арттырады;
- өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады;
- қазақша ойлауға, сөйлеуге, өз ойын жазуға дағдыланады;
- кәсіби терминдермен жұмыс істеуге, сөздіктермен, газет-журналмен дұрыс жұмыс жасай білуге қол жеткізеді;
- оқығандарын конспектілеуге, өзіне керекті хабарды іздеуге, қажетті материалдарды іріктеуге, әдебиеттерді оқып, ой-тұжырымдарды салыстырып, сыни көзқараспен қарай білуге дағдыланады.

Мамандыққа қатысты мәтіндерді өз бетімен орындау студенттердің танымдық іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруда, сондай-ақ өз бетінше білім жинай алу қабілеттерін дамыту барысында жетекші рөл атқарады, ойлау, сыни ойлау қабілеттерін жандандыра түседі, белсенділігін арттырады. Сонымен қатар оқу материалын нығайтып, жаңа материалды игеру мақсатын көздейді [3].

Баспасөз бетіндегі материалдарды сабақ барысында пайдалану әдісінің де тіл дамытуға тигізер пайдасы зор. Баспасөз материалдарын сабақ барысында пайдаланудың мынандай тәрбиелік мәндері бар. Біріншіден, дүниеде болып жатқан өзгерістерді дер кезінде ұқтырып, оның себеп-салдарын түсіндіреді. Екіншіден, баспасөз материалдарын оқытудың білімдік мақсаты да үлкен. Бұл жұмыс студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, әлемде болып жатқан өзгерістерге сын көзбен қарауға тәрбиелейді. Сондықтан да баспасөз материалдарымен жұмыс орыс тілді дәрісханада қазақ тілін оқытуда, студенттердің сөздік қорын дамытуда елеулі рөл атқарады. Бірақ, бірден баспасөз материалдарын оқып кету оңайға соқпайды. Ол үшін студентке ең қажетті материалдарды таңдап, көрсете білу керек.

Берілген материалдың студенттің білім дәрежесі мен оқу қабілетіне сәйкес келуі ескеріледі. Керекті материалды таңдап алып, онымен жұмыс істеуді мынандай кезеңдерге бөлген қолайлы:

- Оқымай тұрып, материалдың мазмұнымен таныстыру;
- Жеке сөздер мен сөз тіркестеріне түсініктемелер беру;
- Мәтіннің мазмұнын түсіну үшін жеке жаттығулар өткізу.

Көптеген әдіскерлер газетті іштен оқуды тиімді деп санайды. Студенттердің берілген материалды түсінгенін тексеру үшін, мынандай жаттығулар жүргізгенде жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады:

1. Мәтіннің негізгі мазмұнын бірнеше сөзбен әңгімелету;
2. Мәтін бойынша реферат жазғызу;
3. Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтқызу;
4. Оқыған мәтін бойынша жоспар құрғызу.

Тіл дамыту барысында жаңа сөздермен жұмыс ерекше орын алады. Күнделікті сабақ барысында жұмыстың бұл түріне ерекше көңіл бөліну керек. Әр сабақ барысында студенттер белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс. Жаңа сөздерді меңгертудің келесі сатысында оларды сөз тіркесі құрамында қолдану бағытында жұмыстар жүргізіледі. Осылайша, сөзді сөз тіркесі құрамында қолдануға жетелей отырып, бірте-бірте сөз тіркестерін сөйлемде қолдануға үйретеміз. Ал сөйлем жасау техникасын меңгерген студенттер өз ойларын дұрыс айтып жеткізе алады. Одан кейін ғана ол сөздердің мәтін құрамында қолданылуы үйретіледі. Бұл бағытта студенттердің болашақ мамандықтарын ескере отырып, қажетті терминдер енгізілген қосымша мәтіндер берген дұрыс. Мамандықтарына қатысты мәтіндер студенттердің сабаққа ынтасын арттырады. Жаңа сөздерді меңгертудің келесі сатысы оларды диалогқа кірістіру болып табылады. Бұл әдіс жаңа сөздерді берік меңгеруге жол ашып қана қоймайды, студенттердің қазақ тілінде сөйлеу дағдысының жетілуіне көмектеседі [4].

Тіл дамытудың сан алуан тәсілдерінің ішінде аударма жұмысының алатын орны ерекше. Бұл – тілге үйретудің аса қиын да күрделі түрі. Аударма жұмысы кезінде мынандай жұмыс түрлері жүргізіледі:

1. Сөйлемді дұрыс аударып, құра білуге жаттықтыру;
2. Байланыстырып сөйлеуге үйрету;
3. Қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдыландыру;
4. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Осындай жұмыс түрлерін ескеріп жасалған аударма жұмысы оқытушыға студенттердің білімін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Біріншіден, орыс тілінде жазылған мәтінді қазақ тіліне аудару арқылы олардың сөздік қорының қаншалықты дәрежеде екенін байқауға болады. Екіншіден, мәтінді жазбаша қазақ тіліне аударту барысында, олардың сауаттылығы бағаланады.

Қорыта келгенде, аграрлық-техникалық жоғары оқу орны студенттерінің қазақша сөйлеу тілін қалыпты дамыту үшін қазақ тілі сабақтары таза грамматикалық, лексикалық тақырыптарға арналмай, тіл дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен ұштастырыла жүргізілуі керек. Олар бір-бірімен ажырамай кешенді жүргізілгенде ғана тіл дамыту жұмыстары өз нәтижесін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы – 7 ақпан. – 2001.
 2. Аканова, Д. Х. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Д. Х. Аканова, А. М. Алдашева. – Алматы. – 2002.
 3. Тұрғымбаева, Э. Студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру проблемалары / Э. Тұрғымбаева // Қазақстан жоғары мектебі. – 2009. – № 1. – 23-25 б.
 4. Оразбаева, Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі : Оқу құралы / Ф. Ш. Оразбаева – Алматы : Жоғары мектебі. – 2000.
- ӨОЖ: 808/574/

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН РИТОРИКАЛЫҚ
МӘДЕНИЕТКЕ БАУЛУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

А. С. Қыдыршаев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада риторикалық мәдениетті жұмысты ете білген студенттің рухани тұлға әрі жарқын индивид ретінде қалыптасарына барлау жасалады. Жоғары оқу орны студенттерін риторикалық мәдениетке баулудың практикалық мәселелері қамтылады.

В статье поднимаются вопросы становления студента как личности и индивида, умеющего работать риторически грамотно. Также рассматриваются практические проблемы привлечения студентов высшего учебного заведения к культуре риторического общения.

The questions of student's becoming as a person and individuals able to work rhetorically literately are arised in the article. Practical problems of high school students' involving in culture of rhetorical communication are considered as well.

Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы сөйлеу әрекетін айқындайды. Ал риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген студент рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінері даусыз. Демек, риторикалық мәдениетті, біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқытудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоционалдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, студенттің әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғы шарт [1, 5-6.]. Осы іспеттес тұжырымдарға сүйене келе, жоғары оқу орны студенттерін риторикалық мәдениетке баулуға септесер бір шоғыр тәжірибелік түйіндерді ұсынуды жөн көрдік. Бұл бір жағынан, эдвайзер-тәлімгерлер ісінің ақырғы нәтижелерінің бірі де.

1. Студенттердің шешендіктану /риторика/ ғылымы туралы түсінігінің болуы. Бұл орайда ел ішіндегі ежелгі аңыз-әңгімеге сүйене ой түюге болар еді. Мәселен, шаршап-шалдығып келе жатқан жолаушы бір дәу тастың түбіне тыныстауға кідіреді. Оның жанынан үйіле тастар тиелген ауыр қол арбаны мықшындай итерген жұмысшы өтіп бара жатады.

– Әй, мейірімді адам, сен не істеп жүрсің? – деп сұрайды одан жолаушы.

– Көрмей тұрмысың, менің есім кетіп, сілем қатып ауыр қол арбаны сүйреп келе жатырғанымды, – деп жақтырмай жауап қатады ол.

Бір кезде тап сондай ауыр жүк тиелген қол арбаны сүйреткен екінші жұмысшы өтеді. Жолаушы оған да алдыңғы сауалын қояды. Ол:

– Осы жұмыс арқылы отбасыма және өзіме күнделікті нәпақамды табамын, – дейді.

Жолаушы үшінші жұмысшыға да осы сауалды қояды:

– Қайырымды адам, сен не істеп жүрсің?